

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі
Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті
«Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» РММ

ПАСПОРТ

№4 экскурсиялық маршрут
«КАМЕННАЯ СКАЗКА».



«БЕКІТЕМІН»
ҚР ҚОСРМ Орман және аңшылық
шаруашылығы комитетінің төрағасы
Б.О. Азбаев
« 4 » « Шығар » 2014 ж.

«КЕЛІСІЛГЕН»
РММ «Шығыс Қазақстан облыстық
Орман және аңшылық шаруашылығы
аумақтық филиалының»
басшысының міндетін атқарушы
Убаев Е.М.
« _____ » 2014 ж.

Риддер қ.
2014 ж.

ПАСПОРТ

№ 4 экскурсиялық МАРШРУТ «КАМЕННАЯ СКАЗКА»

1. - **ЕҚТА атауы:** Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы.
2. - **Маршруттың атауы:** «Каменная сказка»
3. **Маршруттың топтастырылуы:**
 - 1) **мақсаты бойынша:** ғылыми-танымдық.
 - 2) **қозғалу тәсілі бойынша:** жаяу, атты.
 - 3) **қолдану кезеңі бойынша:** мезгілдік.
 - 4) **ұйымдастыру түрі бойынша:** топтық.
4. **Басты географиялық мекендер атауы:**
Коксинский асуы, Холзун жотасы, Гульбище батпағы, Каменная Сказка.
Жаяу (атты) бөлігі: 17,7 км.
«Коксинский» кордоны – Прямой бұлағы – Гульбище батпағы – Каменная Сказка – Гульбище батпағы – Прямой бұлағы – «Коксинский» кордоны
5. **Маршруттың ұзындығы** 17,7 км, **ұзақтығы** аялдамаларды есепке алғанда 6 – 7 сағат.
6. **Маршруттың әрекет ету мерзімі:** 1 маусымнан 30 қыркүйек аралығы.
7. **Топтағы максималды адам саны:** Топта максималды адам саны 5-6 адамнан көп емес. Ол маршруттың мақсатына байланысты. Бұл бірінші ретте - зоолог, ботаник, орнитолог және т.с.с. ғалымдарға арналған. Топта неғұрлым көп адам болса, соғұрлым көп шу және алаңдату факторлары болады. Адам саны көп болғанда, жануарларды көру мүмкіндігі аз болады. Саны аз көлемде саяхат жасау тағы болмайды, себебі аумақта аюлардың тығыздығы жоғары көлемде, сондықтан 5-6 адам көлемінде саяхат жасау қауіпсіз.
8. **Рұқсат етілген рекреациялық жүктеме:** Мерзім ішінде аптасына 1 топ.
Ішкі экскурсиялық мезгілде әр түрлі кезең бойынша рұқсат етілген рекреациялық жүктеме. Мезгіл бойынша маршрутқа баруға шектеу тек ауа-райының қолайсыз жағдайына байланысты. Маршрут 1700 ден 2200 метр биіктікте өтетіндіктен, жаз мезгілінде тәулік ішінде ауа температурасының күрт өзгеруі мүмкін және жауын-шашынның елеулі түсуі, нысанды эстетикалық жағынан қабылдау және ыңғайлылықты төмендетеді. Сондықтан шынайы рекреациялық жүктеме бірнеше есе аз болмақ. (Айына шамамен 1-2 топ)
9. **Маршрутты экскурсия жетекшісінен жүріп өту (күзет аймағының аумағында ғана). Керекті жабдық және киім.**
Экскурсия жетекшісімен, ҒАЖМ бөлім қызметкерлері немесе күзет инспекторларының жетекшілігімен ғана маршрутты жүріп өту.
Керекті жабдықтар мен киімдер:
 1. Жеке жабдығы
 2. Су өтпейтін аяқ-киім, костюм немесе жамылғы
 3. Жәндіктерден қорғайтын құралдар (сонадан, масадан, шыбын-шіркейден, кенеден)
10. **Маршруттағы жүріс-тұрыстың ерекше ережелері:**
 1. маршрут трассасынан келісімсіз ауытқуға рұқсат етілмейді;

2. қорықтық тәртіп талабын сөзсіз ұстану;
3. өрт қауіпсіздік ережесін ұстану;
4. тазалық тәртібін ұстану;
5. жүру барысында өз қауіпсіздік ережесін ұстану;
6. экскурсия жетекшісінің талабын міндетті түрде орындау.

11. Қауіпсіздік шаралары:


1. тиым салынады: жалғыз жүру; маршрут бойынша жүрген кезде топтан қалуға;
2. жартастардың қалдықтарына өрмелеп шығуға;
3. көз көрерлік жаман және тұман жағдайында жүруге тиым салынады.

12. Маршрутты жүріп өтудің жоспары:

№ р/б	Маршрут учаскесі		Ұзындығы, км	Жүру уақыты	Аялдау уақыты.	Байқау алаңының, суретке түсіру бекетінің №
	бастап	дейін				
1	«Коксинский» кордоны	Прямой бұлағы (биіктік 1768)	4,1 км	1 сағ.	10 мин	№1 Прямой бұлағы
2	Прямой бұлағы (биіктік 1768)	Гульбище батпағы (1842)	1,5 км	40 мин	10 мин	№2 Гульбище батпағы
3	Гульбище батпағы (1842)	Сказканың шыңы (2169 м.)	4,35 км	2 сағ.	15 мин	№3 триангуляциондық бекет
4	Сказканың шыңы (2169 м.)	Гульбище батпағы (1842)	2,15 км	1 сағ.	15 мин	
5	Гульбище батпағы (1842)	Прямой бұлағы (биіктік 1768)	1,5 км	30 мин.		
6	Прямой бұлағы (биіктік 1768)	«Коксинский» кордоны	4,1 км	1 сағ.		
	БАРЛЫҒЫ	17,7 км		7 сағ.		

13. «Каменная сказка» маршрутының сызбасы

«Каменная сказка» маршрутының сызбасы



Шартты белгілер

Масштабы 1:100000

■■■■- маршрут трассасы

1-«Коксинский» кордоны

2-Прямой бұлағы

3-Гульбище батпағы

4-Сказканың шыңы

●●●●-Риддер автожолы- Ресей Федерациясының шекарасы- қорықтың күзет аймағы

▲- Линейский жотасының гранитті қалдықтары

14. Маршруттың қысқаша сипаттамасы:

Маршрут Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының аумағымен өтеді және Қара Оба мен Барсук өзен аңғарларының жоғары бөлігінің табиғи ландшафт кешендерін, сонымен қоса Коксинский, Холзун және Линейский жоталарының айқасу ауданындағы төменгі бөліктерін қамтиды.

Бұл жер аумағында Батыс Алтайға тән негізгі табиғи кешендер шоғырланған, және де аса ерекше және тартымды табиғат нысандары мен табиғат ескерткіштері бар, олардың аса қызықтылары мыналар:

- «Гульбище» жоғарғы таулы батпақты кешені, Қара Оба мен Барсук өзен бөліктерінің су айрығында орналасқан;
- Ақ Оба өзенінің бастауындағы бөгеттеу типтес биік таулы көлдер кешені, соның ішінде Батыс Алтайдың тамаша көлдерінің бірі- Кедровое көлі;
- Линейский жотасының шығыс төменгі бөлігінде орналасқан мемлекеттік табиғи ескерткіші - «Линейские останцы» гранитті қалдығының геоархитектуралық кешені;
- Үлкен Тургусун өзенінің бастауында орналасқан «Черный Узел» геоморфологиялық кешені.

Холзун, Иван және Линейский жоталарынан құралған тау торабы үлкен қызығушылық тудырады. Бұл жерде жоталардың төменгі бөліктерінің бедері тегістелген, шыңдары дөңгеленген пішінді, тегістеудің денудациялық беті – жаңа және көне беттің қалдықтарынан байқалады. Су айрығы мен тау бөктерінде биіктігі бірнеше метрден асатын жартас қалдықтары тас шашындысы жайылған.

Линейский жотасының гранитті қалдықтары уақыт және атмосфералық құбылыстар арқылы қалыптасқан өткен дәуірдің негізгі геологиялық ескерткіштерінің тендесіз жасандысы.

«Каменная Сказка» аумағы «Райская долина» бастаулы орнитологиялық аумағымен шекараласқан аудан болып табылады, сондықтан авиафауна зерттеушілеріне қызығушылық тудырады.

Осы және басқа, бұдан да маңызды, биік таулы бөліктеріндегі табиғи нысандар мен кешендердің құрамдас бөліктері Батыс Алтай табиғатының алуан түрлілігі мен байлықтарын ашады, қорық аумағының табиғатты қорғау құндылықтарын, маршруттың танымдық және эстетикалық тартымдылығын айқындайды.

Осы аумақтағы табиғи-климаттық және басқа да жағдайлар Батыс Алтайдың барлық орта таулы бөлігіне сәйкес болып келеді.

Маршрут трассасының анықтамасы:

Маршруттың жаяу жүру бөлігінің жөнелту нүктесі Коксинский асуында орналасқан, «Коксинский» кордоны болып табылады. «Коксинский» кордонынан маршрут Холзун жотасының орманды бөктерімен Барсук өзеніне дейін жетеді. Трасса «Гульбище» батпағының солтүстік жиегінің бойымен Барсук өзенінің оң саласына дейін өтеді. Осы жерде сәл демалыс содан кейін өзеннің оң жағалауымен тау сілемдерінің оңтүстік-батысына дейін көтерілу. Шеру барысында «Стол», «Перья», «Спина дракона» сияқты басты геоархитектуралық қалдықтарына шолу жасалынады.

Тау сілемінің шетінен дүрбіден «Кедровое» көлін, Черный узел, Ақ Оба бастауындағы мұздық көлдерді көруге болады.

Ары қарай маршрут солтүстік-батысқа бұрылып, топты «Слон», «Дракон», «Ворота» тас қалдықтарына әкеледі. Осыдан кейін Каменная сказканың ең биік нүктесі яғни теңіз деңгейінен 2169 м. орналасқан тригопунктке өрлеу басталады. Соның жанында тасты жүйектерге және «Голова», «Куриный бог», «Прометей» оңашаланған тас қалдықтарына шолу жалғасады.

Ары қарай маршрут солтүстік-шығыстағы «Северный пик» тас қалдығына барады. Осы жерде «Булава», «Сфинкс», «Бабка», «Чертов палец» атты сұлулығы мен пішіні жағынан таң қаларлық тас қалдықтары бар. Каменная сказкамен танысу ақырғы «Гриб» болып табылатын тас қалдығымен аяқталады.

Содан Барсуқтың оң жақтағы бастауының бастауына түсу сосын «Коксинский» кордонына шығу басталады.

Каменная сказка ауданына бару мақсатына, қатысушының физикалық даярлығының деңгейіне байланысты, маршрут жолы аздап өзгертілуі мүмкін. Бұл маршрут бір күндік экскурсиялық болғандықтан, түнейтін орын ретінде аялдама бола алмайды және құрылғы үшін құрал-жабдықтың бар болуы ұйғарылмайды. Яғни адамдар жеңіл-желпі жүреді. Әр адамда өзімен бірге шағын су құятын ыдысы, тамағы, ауа райының қолайсыздығына байланысты жеке киімі және бақылау үшін құралдары салынған шағын сөмкесі болады. Бұл маршрутта тез, әрі жеңіл жүруге, сондай-ақ көптеген тас қалдықтарын қарап шығуға септігін тигізеді.

Аумақ зоология, орнитология ғалымдарына үлкен қызығушылық тудырады. Бұл ауданда ақ белдеулі сұр қарлығаш, қызыл мойынды бұлбұл, тау жадырағы, қара басты шақшақ құстарының ұя салу ауданы бар. Жыртқыш құстардың бірнеше түрі мекен етеді – далалық құланды, қаршыға, кәдімгі бөктергі, ақсары. Таулы-орман белдеуі мен тундра-көгалды зонасының құстары көптеп тараған: орман қызылқұнағы, балқарағай торғайы, шұбар тасты шымшық, гималай құнағы, жылқышы, жолаққанат құралайы, қарға, тау маңқысы, азия таукүдіреті, алқалы татрені, ақ және тундра құры және т.с.с. Андардан бұғы, марал, елік, қоян, түлкі, қасқыр, аю, сұр суыр, ақкіс кездеседі.

1. Нысан «Коксинский» кордоны

Эксперсияның басы. Қауіпсіздік техникасы және маршрутта жүру ережесімен таныстыру өткізіледі. Жәндіктердің шағуынан қорғайтын заттардың, жаңбырдан қорғайтын киімнің, ыңғайлы әрі су өткізбейтін аяқ- киімнің қажеттілігі ескертіледі. Қозғалыс Холзун жотасынан төтелей басталады. Бұл жерде көптеген назар аударарлық жерлер орналасқан. 15 минуттан кейін топ Водопадный бұлағына шығады. Әдемі сулы ағыс Холзунның еріп жатқан қар жұрнақтарымен қоректенеді және 7 метр биіктіктен топан су құлап ағатыды. Ары қарай аумақты аралап шығу үшін инспекторлық құрам пайдаланатын кең жол жалғасады. Осы жерде жабайы жануарлардың іздерін және көптеген қызықты өсімдіктерді көруге болады.

2. Нысан Прямой бұлағы

Көптеген ағын суларды, ұсақ тау жыныстарын, кең таулы- шалғынды учаскелерді қиып өтетін соқпақ жол келушілерді Черная Уба өзенінің бастауына әкеледі. Линейский және Коксинский жоталарының беткейіне таянған адам өткісіз тайгалық ну орманмен қоршалған, тамаша өзен аңғарлары көрінеді. Міне енді Каменная сказканың кескіні, ірі жеке тұрған тас қалдықтары жақсы көріне бастайды. Прямой бұлағы- Черная Убаның негізгі бастауы және Батыс Алтайдың бағалы өсімдіктерінің қоймасы. Мұнда тиынтамыр, лалагүл, тиынтас, қалың жапырақты шағыр және көптеген өсімдіктер өседі. Осы жерде топ тынығып, таза судың дәмін татып, келесі қызықты учаскелерге жол тартады.

3. Нысан «Гульбище» биік таулы батпағы.

Батыс Алтайдағы ең үлкен биік таулы батпақты кешен болып табылады. 1870 м. абсолюттік биіктіктегі Холзун, Ивановский және Линейский үш жоталарының қосылған

түйінінде тау аралық төмендеуі көрсетілген Қара Оба кең су айрық аңғарында орналасқан.

Кешен жалпы көлемі 6 км.кв беткі батпақты кешенді құрайды. Ұзындығы – 4-5 км, орташа ені – 600-800 м, созыңқы пішіні және Қара Оба мен Барсук өзендеріне суағары бар.




Гульбище биіктаулы батпағы

Батпақтың жоғарғы жағы су айрықта орналасқан және үсті төмпешік болып келеді. Онда жер асты сулары тереңде жатыр, ал бастапқы су көздері атмосфералық сулар, аз минералды тұздар болып табылады. Осылардың нәтижесінде мұнда олиготрофты шөп жамылғысы жетілуде, құнарлы заттарды аз қажет етеді және солардың ішінде маңызды торф құраушы – сфанг мүгі бар. Осындай шөп жамылғысының қалдығы шымтезек жинақтарын құрайды, жоғары калориялығымен және аз күл қалуымен ерекшеленетін.


Осы нысандармен танысу Қара Оба аңғарынан өту барысында өтеді. Айналаны шолу барысында батпақтың солтүстік шетімен өту жолын, батпақты өсімдік жамылғысымен танысуға, кешеннің дамуы және қалыптасу шарттарымен танысуға және де бүкіл алаңды Барсук өзенінің тармағында пайда болған жылғаның ауданындағы биік нүктесінен көруге болады. Батпақты қалың ергежейлі қайыңның қопасы тұр, бұл жерді теңіз деңгейінен 1700м биіктікке көтерілгенде ғана көруге болады. Бұл Гульбище батпағын, а келгенде көруге болатын мүмкіндік.

4. Нысан «Линейские столбы» гранитты тас қалдықтарының георхитектуралық кешені.

Линейский жотасының оңтүстік шетінде орналасқан, гранит пен гранитоидтың перм интрузияларынан түзелген тегісті алабы. Кешен 8 км.кв астам алаңды алады және көптеген тас қалдық ансамбльдерінен, тау тізбектерінен және мүсін пішінді жеке гранитты тас қалдықтардан тұрады, олардың биіктігі 35 м.дейін жетеді. Ең биік нүктесі 2169 м. т.д.б – Сказка шыңы. Аумақ аласа бойлы қайың мен талдардың бұталы, сібір аршасы және емдік аршасы үзінділерінен құралған тундралы-мүкті-қыналы бірлестікті құрайды. Оңтүстік экспозициясының баурайы кей жерлерде балқарағай-шыршалы екпеағаштарымен жамылған. Кеңінен кей жерлерде төселмелі пішіні бар кесілген сирек ормандар жамылған.




«Стина дракона» тас қалдығы




«Чертov палец»



«Северный тик»



«Стол»



«Бабка»



«Гриб»



«Ворота»

16. Маршруттың күрделі бөлігінің қысқаша сипаттамасы:

Маршрутта техникалық күрделі телімдер жоқ. Маршруттың шамалы күрделі теліміне 30° дейін тік жарлы шөпті- тасты құздар, ұсақ тау жыныстары, Қара Оба бастауының батпақты жерлері сияқты өткелдерді жатқызуға болады.

17. Мүмкін болатын апатты жағдайлар және осы жағдайдағы топтың іс әрекеті ;

Қарлы және бұршақ түріндегі жаңбыр, 20-30 метрге дейін көрінбейтін төменгі бұлттылық; қатты дауылды жел; найзағай түрінде болатын апаттық жағдайлар осы аумақта жиі болып тұрады. Саяхат жасаушылардың өміріне қауіп төндіретін ойламаған жағдайлар туған кезде жауапты шешімдерді топ жетекшісі- экскурсия жетекшісі немесе инспектор- жолсерік қабылдайды. Маршрутқа шыққан кезде колда алып жүретін радиостанция арқылы байланыс орнатылады. Қауіпті жағдайда көмек шақырылыды немесе топ маршруттан алынып, кордонға қайтады.

Топтың іс-әрекеті:

Күн күркірегенде: орманды аумақта- бір- бірінен бірнеше метр қашықтықта ойды жинақтау; биік емес қалың бұтақты тоғайдың астына жасырыну;

Ашық таулы жерлерде: бөлініп- бөлініп орналасу керек, төбелі телімдерден кету, мүмкін болса жүрісті тоқтату, жергілікті жерлердің төменгі құрғақ телімдерде пана табу керек.

Көз көрерлік жаман жағдайда соқпақтардағы таңбалаудың белгілерін сақтап, қалың топқа топталу керек.

18. Жолдамаға ақпарат парағының мәтініне ұсыныс:

«Каменная Сказка» маршруты ғылыми-танымдылық болып табылады. Батыс-Алтайдың жануарлар және өсімдіктер әлемінің, әртүрлі және биік таулы жер бедерінің пішіндері мен басқа түрлерімен, биік таулы ландшафттардың бай әртүрлілігімен танысуға мүмкін болатын Белая Уба, Черная Уба, Барсук өзендерінің жоғарғы алқаптарын алып жатыр.

Маршруттың ең тартымды нысандары болып табиғаттың ескерткіштері-, «Линейские столбы» граниттік тас қалдықтарының геоархитектуралық кешені, «Гульбище» биік таулы батпағы.

Маршруттың жолы қауіпсіздігі көбірек және техникалығы аздау күрделі нұсқа бойынша салынған. Берілген маршрут белгілі бір дағдыны және тәжірибені қажет етеді, сондықтан онда физикалық жағынан мықты және денсаулығы жақсы адамдарды ғана жіберіледі. Жасқа қойылатын шектеу –балалар 12 жастан бастап.

19. Маршруттың жабдықталуы:

Маршрут ағашқа және тасқа салынған сары түсті бояумен белгіленеді.

Жол бойы ақпараттық аншлагтар мен көрсеткіштер орнатылады.

Маршрутты жабдықтау:

- Маршруттың жол аумақтарында анық көрсетілмеген соқпақтар және бейімделу жағдайлары қиынырақ нашар көрінетін жерлерде, тастарда және ағаш діңгектерінде ашық қызыл түспен белгіленген таңбалар бар. Кейбір аумақтарда кішкене белгілер, тастан жасалған обалар орнатылған.
- Барлық қоқсықтарды туристер өздерімен бірге алып, маршруттың соңғы жерлерінде орналасқан контейнерлерге лақтырады. Маусымның соңында қалалық қоқысқа апарылады.
- Ақпараттық аншлагтар мен белгілер орнатылған.

- «Коксинский» кордонының бастапқы нүктесінде маршрут туралы қысқаша мәлімет жазылған аншлагтар орнатылған.

20. Мемлекеттік табиғи қорығының ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі:

«В Каменную сказку» экологиялық және туристік маршрут трассасын экспедициялық зерттеу бойынша есеп негізінде ғылым, ақпарат және мониторинг бөлімі және экологиялық ағарту және туризм бөлімінің қызметкерлерімен бірге Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі:

Бұл маршрут әр түрлі тақырыптық бағыттағы танымдық және ғылыми саяхаттарды ұйымдастыру үшін қазық болып табылады.

Қорықтық тәртіпті сақтау және табиғат нысандарына минимальды рекреациялық ықпал етуі мыналармен қамтамасыз етіледі:

- Күзет учаскесінің аумағын аралап шығуда мемлекеттік инспекторлар пайдаланатын берілген учаскедегі жақсы соқпақ жолды қолдану;
- Топтың аздығы, қорықтың күзет аймағының аумағынан сәл ауытқу;
- «Каменная сказка» көтерілу орнына экскурсияға қатысушыларды автомобильді көлікпен жеткізу үшін өртке қарсы мақсатта жолдардың қолдану келешегі, бұл айтарлықтай нысанға жету уақытын азайтады;

Маршрут жоғары тұрған басқарушы органдармен келісілгеннен кейін және белгілеу мен жайластыру бойынша жоспарланған жұмыстарды өткізгеннен кейін пайдаланымға жіберілуі мүмкін.

Маршрут Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығының экологиялық ағартушылық және туризм бөлімімен өңделген.

Маршрут паспортын құрастырушы және әзірлеуші – Л.Н. Винокурова

Паспорт 2014 жылы құралды, 6 данада.



«Батыс-Алтай мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің директоры

 А.Т. Тоқымтаев